



БҰЙРЫҚ

2024 жылғы 27 тамыз

Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ 364

город Балхаш

**Ыстық тамақпен
қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңына, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмк көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облысы маслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы Х сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №119 шешіміне, ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қарағанды облысының білім басқармасының 16.08.2024 жылғы №391 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

- 1) 2024-2025 оқу жылында №1 қосымшаға сәйкес бюджет есебінен 1-4 сынып оқушыларын тегін тамақпен қамтамасыз ету іске асырылсын;
- 2) 2023-2024 оқу жылында ҚР Үкіметінің 25.01.2008 жылғы №64 қаулысына сай, №2 қосымшаға сәйкес , 5-11 сынып оқушыларын тегін тамақпен қамтамасыз ету іске асырылсын;
- 3) Оқушылардың жас ерекшелігіне сай перспективті мәзір бекітілсін.
- 4) Ата-аналар есебінен тамақтанатын оқушыларға арналған қолма-қол есеп айыру жұмысы жалғастырылсын.
- 5) Мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру сапасына, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарының сақталуы мен ұсынылатын

тауарлардың сапасына бақылауды қамтамасыз ету мақсатында №3 қосымшаға сәйкес бракеражды комиссия тобы құрылсын.

- 6) Тамақтануға жауапты тұлғаларға ыстық тамақпен қамтамасыз ету мен тексеру қорытындысын мектептің интернет ресусындағы «Тамақтандыру»айдарына жариялау қамтамасыз етілсін.
- 7) Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау білім бөлімі бас маманы Н.У.Касымоваға жүктелсін.

Бөлім басшысы



К.Дубирбекова